

Мүсіров Ф.М., Иманбаева З.О.

Орта ғасырлардағы ислам ойшылдарының экономикалық ілімдерді қалыптастырудағы ой-пікірлері

Мақалада ислам ойшылдарының салық жүйесі, мемлекеттік реттеу мен ақша, баға, экономикалық өсу мен даму туралы ортағасырлардағы айтылған нақты пікірлері мен ой-көзқарастары қарастырылды. Мұндағы мақсат – ислам әлемінен шыққан ойшылдардың бүгінде ұмыт қалған ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын саналы ұрпақтың білімін жетілдіруге пайдалану.

Ортағасырлық ислам философиясы да Еуропадағы сияқты алғашында діни негізде дамыды. Оның ең шарықтап дамыған кезі XI–XII ғғ., бірақ кейінірек, ислам дініндегі догматизм мен мистицизмнің біртіндеп күшейе түскеніне қарамастан, оның астарынан терең ойлы пікірлерді кездестіруге болады. Олардың бірі – Тунисте дүниеге келген, философ және тарихшы, мұсылман философиясында қоғам дамуының теориясын бірінші болып көтерген, соның ішінде экономикалық мәселелерді жан-жақты қарастырған – Валиеддин Абдрахман ибн Халдун еді (1332-1406). Ибн Халдунның теориясы бойынша өркениет сатысына өтумен бірге теңдік пен тайпалық демократиядан теңсіздік пен билікке көшкенде мемлекет пайда болады деген болатын.

Түйін сөздер: рухани құндылықтар, шарифат нормалары, салық әділетсіздігі, салық ауыртпашылығы, эквивалентті компенсация, эквивалентті баға, эквивалентті пайда.

Mysirov G.M., Imanbayeva Z.O.

The ideas of Islamic thinkers are forming economic studies in the middle ages

In this article thoughts and ideas of the scientists-thinkers of the Islamic world in the Middle Ages who have influenced formation and formation of history of economic doctrines are considered. Medieval Islamic philosophy as well as in Europe, originally I developed within divinity. Her greatest blossoming falls on the XI–XII centuries, but also later, despite gradual strengthening in Islamic divinity of dogmatism and mysticism, in her deep thinkers meet. The native of Tunisia, the philosopher and the historian Valieddin Abdarrakhman ibn Haldun (1332 – 1406) who has put forward the first in Muslim philosophy theory of development of society in which the big place has been allocated to economic problems was one of them. With transition to a civilization stage, according to the theory Ibn-Halduna, appears also the state meaning transition from equality and breeding democracy to the relations of an inequality and domination.

Key words: cultural wealth, norms of Sharia, injustice of a tax, tax burden, equivalent compensation, equivalent price, equivalent profit.

Мүсіров Г.М., Иманбаева З.О.

Идеи исламских мыслителей в формировании экономических учений средневековья

В данной статье рассматриваются мысли и идеи ученых-мыслителей исламского мира в средневековье, повлиявших на формирование и становление истории экономических учений. Средневековая исламская философия, так же как и в Европе, первоначально развивалась в рамках богословия. Наибольший ее расцвет приходится на XI–XII вв. Но и позже, несмотря на постепенное усиление в исламском богословии догматизма и мистицизма, в ней встречаются глубокие мыслители. Одним из них был уроженец Туниса, философ и историк Валиэддин Абдаррахман ибн Хальдун (1332–1406), выдвинувший первую в мусульманской философии теорию развития общества, в которой большое место было отведено экономическим проблемам. С переходом на стадию цивилизации, по теории Ибн-Хальдуна, появляется и государство, означающее переход от равенства и племенной демократии к отношениям неравенства и господства.

Ключевые слова: духовные ценности, нормы шариата, несправедливость налога, налоговое бремя, эквивалентная компенсация, эквивалентная цена, эквивалентная прибыль.

**ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ИСЛАМ
ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ІЛІМДЕРДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ОЙ-ПІКІРЛЕРІ**

Кіріспе

Мұсылман ғалымдарының экономикалық көзқарастарының негіздері Құран мен Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүрелерінде қаланған.

Кейбір экономикалық мәселелер, әсіресе салық салу (зекет), мүлікке қатысты сұрақтар, жалпы алғанда Құран мен оның сүрелерінде егжей-тегжей түрде ашылғанымен, (мысалы зекет алу және оны бөлу мәселелері Құранның 2:215,219; 51:15-19 сүрелері т.б. қарастырылса, меншікті бөлу шариғаттың 4,7–9,12,33 т.б. қарастырылған), экономикалық қатынастардың нақтылай түрлеріне қатысты ережелер аз. Сондықтан фикхте (мұсылмандық құқық) негізгі рөлді белгілі бір экономикалық іс-әрекеттерді қалай жүргізу керек екендігі туралы тікелей нұсқаулар мен түсіндірмелер емес, ұзақ жылдар бойына мұсылман құқықтанушылары айырықша талқылап келе жатқан жалпы жағдайлар атқарады. Мысалы, *«Ол (Алла) жер бетіндегілердің бәрінің жаратушысы»* деген мағынадағы Құранның танымал 2:29 аятын мұсылман құқықтанушылары рұқсат беретін өзгелерден бөлек жеке меншік институты ретінде талқылайды. Немесе, *«Алла сіздер үшін ауырлық емес, жеңілдіктерді қалайды»* деп аталатын 2:185 аяты, екі құқықтық норманың бір біріне қарсы келген жағдайында (коллизия) соттың орындалуы қиыншылық тудырмайтын және адам тарапынан материалдық шығынды аз талап ететінін таңдау қажеттігіне негіз болған [1].

Осылайша, мұндай аяттар сырттай қарастырғанда экономика мен кәсіпкерлік қызметке ешқандай қатысы болмағанымен, ұзақ ғасырлар бойына мұсылман құқықтанушыларының қоғамдағы экономикалық қатынастарды реттеу мәселелерін қозғайтын еңбектер жазуын ынталандырып отырған.

Сол сияқты Қасиетті Құран хадистерінің жекелеген бөлімдері саудаға қатысты сатып алу-сатудың, қарыз алудың, жалгерлік және кепілгерліктің және т.б. келісім шарттарының кейбір түрлеріне арналған. Хадистердің бүтіндей бір қатары әділетті бәсекелестікке, рынокқа қатынасушылардың мінез-құлық этикасына байланысты мәселелерді де қозғайды.

Эксперименталді бөлік

Ал орта ғасырдағы экономикалық мәселелерді өз еңбектерінде қарастырған авторлардың қатарына мұсылман құқықтанушысы Абу Йусуф (731-798), теолог және құқықтанушы Абу Мухаммад Али б. Ахмад Ибн Хазм (994-1064), философ әрі құқықтанушы Абу Хамид Мухаммад б. Мухаммад аль-Газали ат-Туси (1058-1111), теолог әрі құқықтанушы Таки ад-дин Ахмад Ибн Таймийа (1263-1328), Ибн Таймийдің шәкірті Шамс ад-дин Абу Абдалла Мухаммад б. Аби Бакр, немесе Ибн Каййим ал-Джаузий (1292-1350) жатқызуға болады.

Сонымен қатар ортағасырдағы мұсылман экономистерінің қатарына әлемдегі алғаш социолог, энциклопедист-ғалым Абд ар-Рахман Ибн Мухаммад Ибн Хальдун ал-Хадрами (1332-1406) жатады.

Нәтижелері және талқылау

Абу Йусуфтың (731-798) танымал еңбегі «Ал-харадж Кітаб», бұл еңбек сол кездің өзінде салық салудың оқу құралы болып табылған. Мұнда жер салығы мен жан басына салынатын салықтарды алуға қатысты сұрақтармен қатар жер-суларды пайдалану, мемлекеттік басқару, тіпті қылмыс пен жаза мәселелері де қаралған. Кітап саяси мақсатта – халифаттағы мемлекеттік табыстар мен шығындар арасындағы оңтайлы қатынастарды табу мақсатында жазылған. Егер мемлекет шамадан тыс артық салық жиындарын алған жағдайда дағдарыс пен тоқырауға ұшырайтындығы, тіпті жойылуы мүмкін деген шешімге келеді. Сондықтан, салық салудың бүгінгі классикалық қағидаларын алғаш тұжырымдаушы да Абу Йусуф болып есептеледі. Ол мынадай қағидалар:

- салық органдарының салық төлеушілердің төлем қабілетіне назар аударып отыруы;
- салық төлеушілерге ыңғайлы уақытта салық салу;
- мемлекеттегі салық мекемелерін орталықтандыру т.б.

Ғалымның пікірінше, мемлекет салық жинауда, салық төлеушілердің қазынаға қаншалықты мөлшерде салық төлегендеріне байланыссыз, оларды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбектің тағы бір ерекшелігі Абу Йусуф Құран мен оның хадистерін сол күйінде өзгеріссіз пайдаланумен қатар, өзінің заңды шешімде-

рінің дәлелі ретінде келтіріп отырған. Абу Йусуф сонымен қатар мемлекеттің қаржыларын пайдалану арқылы ұзақ мерзімді жобаларды (көпір салу, арық қазу, дамбылар тұрғызу т.б.) тиімді жүзеге асыру бойынша да нақты тәжірибелік ұсыныстар жасаған [2].

Теолог және құқықтанушы *Абу Мухаммад Али б. Ахмад Ибн Хазм (994-1064)*. Ол ғылымның әртүрлі саласына арнап 400-ге тарта еңбек жазған, соның бүгінгі күнге шейін 40 еңбегі ғана жеткен. Еңбегінің көбі теология, юриспруденция, логика, тарих және т.б. салаларды қамтиды. Экономикалық сала бойынша оны қызықтырған мәселелердің қатарына кедейшілікпен күрес, оны болдырмау, адамдардың негізгі қажеттіліктерін өтеу, зекет және басқа да салық төлемінің тиімділігі, жер қатынастары т.б. жатады.

Ғалымның пікірінше, адамдардың ең қарапайым қажеттіліктерін (азық-түлік, тамақ, баспана мен киім-кешек т.б.) тек үкімет қана қанағаттандырмайды. Егер бай-дәулеттілер кедейлерге жәрдем беруден жалтарса, ел билеуші, оларды жарлы адамдармен байлығының бір бөлігін бөлісуге мәжбүрлеуі қажет. Бұл шарт зекет арқылы алынған қаржылардың мұқтаж адамдардың қажеттілігін қанағаттандыруға жетпеген жағдайда орын алуы тиіс.

Ибн Хазм зекеттің бай мен кедей арасындағы алшақтықты теңестіретін рөліне аса зор мән береді. Зекет салығын әдейі төлемейтіндерді күшпен төлеттіру қажеттігін, ал зекет төлеу адамдардың Алла алдындағы парызы болғандықтан, ол қажет болса, діннен аластату керектігін де алға тартады.

Ғалымның зекет салығына осынша мән бергені соншалықты, егер зекет салығын төлеуші қайтыс болған жағдайдың өзінде оның тірі кезінде төленбеген зекеті үмітсіз қарыздардың қатарына айналмауын, артында қалған мүлігінің бір бөлігі осы салық түрін төлеуге жұмсалуды қажеттігін айта келе, Алла алдындағы парыздың сөзсіз міндетті және ешқашан күші жойылмайтындығына назар аударады.

Ибн Хазм салық төлеушілердің әл-ауқаты мен мемлекеттің игілігі тікелей бір-бірімен байланыстылығын ескере келе, алдыңғы әріптесі секілді адамдарға шамадан артық салынатын салықтарға қарсы болған. Осы орайда, ол салық салу үшін адамдардың мүддесін ескеру керектігін айтады. Бұл кезеңде, мұсылман елдерінің көбінде, адамдар бар мүмкіндігінше жұмыс жасағанымен салынған салықты төлей алмайтын жағдайда болатын. Сондықтан ол салық

ауыртпалығы болған жағдайда, салық жүйесінің өз тиімділігін жоғалтатынын ескертеді.

Ибн Хазм Абу Йусуф секілді ауыл шаруашылығына арналған жерлерді жалға беруге де қарсы болды. Осыған байланысты жер телімінің иесі өз жерін өзі өңдеуі тиіс немесе өзінің орнына осы жерде жұмыс жасаған адаммен шыққан астықты бөлісу туралы келісім шартқа отыруы қажет.

Ислам экономикасын қазіргі зерттеушілердің пікірінше, орта ғасырлардағы исламдық ой-пікірлер аль-Газали, Ибн Таймий, Ибн Халдун секілді энциклопедист-ғалымдардың еңбектерінде шарықтау шегіне жеткендігін айтады.

Философ әрі құқықтанушы *Абу Хамид Мухаммад б. Мухаммад аль-Газали ат-Туси (1058-1111)*.

Мухаммад аль-Газали үшін экономикалық өмірде ислам нормаларының сақталуы (егер экономикалық қызмет адамдарға пайда әкелген жағдайда) – бұл Жаратушыға деген бас июшілік, діни сенімдегілердің өз міндеттерін орындауы.

Газали адам жаны үшін рухани жұбаныш боларлық алғы себептерді ізденумен шұғылданған жалпы социопсихолог ретінде танылған. Ол қоғамды осы шеңбер тұрғысында ойлағандықтан, еркіндіктің шынайы мағынасы рухани қабілет арқылы адамгершіліктің шыңына жету екенін тұжырымдайды, сондықтан еркіндік адам жанын өмірдегі материалдық шектеулерден босатады деп түсінді. Газали үшін адам жаны немесе білімі оның рухани құндылықтары арқылы жетілдіріледі. Мұндай жетілген жағдайға индивидум Жаратушыға рухани жағынан толық жақын келеді деген ұғымда болды.

Газалидің пікірінше, жер бетіндегі барлық тіршілікті Алла жаратқандықтан, адамзат Алладан сеніп тапсырылған өз иелігіндегі активтер мен құндылықтарды өзгертуіне болмайды, себебі бұл Жаратушының белгілеген мақсаттарына қайшы. Басқаша айтқанда, қаржылар Алланың ризығымен, ыркымен пайдаланылуы қажет. Сондықтан бостан босқа қор жинау, ең сорақысы өсімқорлық амалдары (операциялары) Алланың алдында күнә. Газали өсімқорлық мақсатқа жиналған ақшаны, қамауда отырған, өз қызметін орындауға мүмкіндігі жоқ мемлекет басшысына теңейді.

Ақшаның қызметін талдай отырып, аль-Газали «алтын мен күміс – бұл Жаратушының сыйы. Соның арқасында барлық бейбіт істер атқарылады. Бірақ бұл екеуінің өздігінен құны жоқ, бар болғаны металдар ғана. Адамдардың оларды қалайтын себебі, солардың көмегімен

әлемдегі барлық тауарларды сатып ала-алады» – деп жазады. Ғалымның пікірінше, ақшалар күн өлшемі қызметін атқара отырып, кез келген заттың құнын анықтайтын сот рөлін ойнайды. Сонымен қатар, аль-Газали алтын мен күмісті өз құны болмаса да кез келген затты бейнелеп шағылыстыратын айнаға теңейді [3].

Газали зекет мәселесін мұсылман қоғамындағы мемлекеттік қаржы контекстінде қарастырады. Алайда ол зекет салығын төлеудің экономикалық және құқықтық жақтарынан гөрі оның әлеуметтік, этикалық жағына көбірек назар аударады. Әсіресе, ол салық төлеуші және оны қабылдаушы жақтардың адал, шынайы көңілмен жүзеге асыруларына нұсқау, ақыл-кеңес береді. Газали сол тұстағы мемлекеттік қаржылардың көп жағдайда немесе толығымен заңсыз қаржы көздерінен, әсіресе, джизья (басқа діндегілердің төлейтін жан салығы) және басқа да әртүрлі салықтардан (мүліктерді конфискациялау, мұсылмандарға салынатын басқа да салықтар) қалыптасатындығын қынжыла айтады. Мысалы, зекет, садақа (өз еркімен қайырымдылық мақсаттарға жұмсалатын құрбандық), фый (басқа діндегілерден мұсылмандардың бейбіт жолмен алатын мүліктері), және ганима (ұрыс біткен соң мұсылмандардың өз жауларынан алатын соғыс олжасы) секілді заңды салық түрлерінің жоқ екендігін айта келіп, ғалым, шарифат нормалары мен мемлекет мүддесіне қайшы келмейтін жаңа салық түрлерін енгізуге кеңес береді.

Көптеген мұсылман құқықтанушыларының пікірінше, исламға пайданы ешбір жерде еңбек етпей, тек құдайға жалбарынып, өз күнін материалдық жағынан біреуге тәуелді болып өткізетіндер емес, экономикалық қызметке белсенді араласатындар көбірек әкеледі. Ал, қазіргі жастардың (бәрі бірдей емес) нақты еңбектен гөрі Аллаға жалбарынуға бейімділігін, сол арқылы біреуге тәуелді болып қалыптасып бара жатқандығын ескерсек, бұл пікірді назарда ұстап, ойланған жөн секілді.

Теолог әрі құқықтанушы *Таки ад-дин Ахмад Ибн Таймийа (1263-1328)*.

Ибн Таймийа алдыңғы әріптестері секілді бүгінгі сөзбен айтқанда толық мағынадағы экономист болмағанымен, осы ғалымның айтқан пікірлері мен идеялары кейінгі мұсылман авторларының экономикалық тақырыптарға қалам тартуына қатты ықпал жасаған.

Оның басты әрі құнды пікірлерінің бірі – экономикалық қатынастарды реттеудегі мемлекет рөлінің маңыздылығына қатысты.

Ол өзге де мұсылман авторлары секілді мемлекет туралы жаза отырып, *хисба* секілді институттың маңыздылығына тоқталады.

Хисба – бұл қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы шариғат нормаларының сақталуын бақылайтын орган. Хисба арқылы мемлекет саудаға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына, өнімнің стандартталуына бақылау жасай алады әрі өсімқорлық қылмысқа жол бермейді. Хисбаның бақылау объектісі тек экономикалық сала емес, діни міндеттердің орындалуын, әсіресе, зекет салығының төлемін бақылай алады.

Ибн Таймийа *зекет* салығын *ганима* мен *фай* салықтарымен қатар мемлекет табысын қалыптастыратын үш негізгі көздерінің біріне жатқызады. Ғалым салық түрінің осындай үш түріне қатысты ғылыми тұжырымдамалар береді.

1. Зекет салығына қатысты:

– зекет салығының ең басты функциясы – бай мен кедей арасындағы алшақтықты теңестіру;

– салық мөлшерлемесі бірыңғай сипатта болмайды, себебі, оның мөлшерін анықтайтын ең басты өлшеуіш – еңбек, яғни табыс алуға неғұрлым көп еңбек жұмсалса, соғұрлым салық мөлшерлемесі төмен болуы қажет;

– зекет салығын ақшалай немесе тауарлы түрде төлеуге болады, алайда, тауарды тасымалдау, сақтау шығындары орын алған жағдайда, ақшамен төлеу ыңғайлы.

2. Ганима салығына қатысты пікірі алдыңғы құқықтанушылардың пікіріне ұқсас, яғни бұл салық түрі – ұрыс біткен соң мұсылмандардың өз жауларынан алатын соғыс олжасы.

3. Фай салығына Ибн Таймийа *зекет* салығы мен *ганима* салықтарынан өзге мемлекет табысын құрайтын салықтардың барлығын жатқызады. Бұл *фай* салығының басқа діндегілерден мұсылмандардың бейбіт жолмен алатын мүліктері деген классикалық талқыламасынан ерекшеленеді және бұл салық түрі мемлекетте тұрып жатқан тұрғындардың барлық категориясымен қатар болашақ ұрпаққа қатысты болып саналады.

Ибн Таймийа салық төлемейтіндерді, тіпті салықтың әділетсіздігі үшін төлеуден жалтаратындарды да қатты сынға алды. Бұл туралы ол «егер салық әділетсіз негізде болған күннің өзінде, салық жинауға өкілеттілер мұндай әділетсіздікке әділеттілік танытуы тиіс» деп жазды. Салық төлемейтіндерді елемей, оған көз жұму немесе алалаушылық көзқарас нәтижесі халыққа ауыртпашылық салатынын айтады. Мұның себебін ғалым, егер салық төлеуші

салық төлемінен жалтарған жағдайда оның үлесі басқаларға тең дәрежеде бөлінетіндіктен, сәйкесінше салық ауыртпашылығын жүктейтінімен түсіндіреді [4].

Ибн Таймийа мемлекеттің табысын құрайтын салық мәселелерімен қатар мемлекеттік шығындарға да көп тоқталады. Мемлекет шығындарының ең алдымен, тұрмысы төмендерге, елдің қорғаныс қажеттіліктеріне, әскер жасақтауға, ішкі тәртіпті сақтауға, зейнетақы мен білімге, шенеуніктердің еңбекақысына бағытталуына артықшылық танытады.

Ганима мен зекеттің Құранда бекітілген қағидаларға (8:41; 9:60; т.б.) сәйкес бөліске түсетіндігін айта келе, Ибн Таймийа зекет салығының басты өлшемі (критерийі) мұсылманның өз міндетін орындауы мен исламды қолдауы деп есептейді. Зекет салығын алатын адамдар сол жерде болмаған күннің өзінде де бұл салықтың төленуі тиістігін жазады. Егер билік әділетсіздік танытқан жағдайда, зекет мұқтаж жандарға тікелей бағытталатынын да ескертеді.

Ибн Таймийа баға қалыптастыру мәселелері мен ақша қызметтерін де зерттеумен айналысқан.

Баға қалыптастыру мәселесінде ол «әділетті баға» түсінігін пайдаланған. Бұл түсінік Құран хадистерінде кездеседі.

Ғалым әділетті бағаның этикалық-құқықтық, экономикалық жақтарын ажыратады. Осыған байланысты егер мәселе бағаның этикалық-құқықтық жағына байланысты болса, ол «эквивалентті компенсация» ұғымын пайдаланады, ал экономикалық мәселелерге қатысты «эквивалентті баға» ұғымын пайдаланады. Оның пікірінше, эквивалентті компенсация қабылданған салтқа байланысты салыстырмалы берік фактор, ал эквивалентті баға рынок заңы мен оның қатынасушыларына байланысты өзгермелі шама.

Ибн Таймийа бағаның рынок заңдарына байланысты, яғни сұраныс пен ұсынысқа қатысты өзгеріп отыратындығын байқайды. Мысалы, егер баға рынок заңына сәйкес, яғни тауар тапшылығына (ұсынымның төмендеуі), немесе тұрғындардың өсуіне (сұранымның артуы) байланысты өзгерсе, онда мемлекеттің бағаны тұрақтандыруға қысым жасамауын ескертеді. Ол бағаның өсу себептерін талдайды, нәтижесінде мынадай қорытындыға келеді, баға сатушылардың бірігіп, ақылдасып, бағаны әдейі өсіруінен туындамайтындығын анықтай келе, сол кезеңдегі баға өсімінің жалғыз әрі кең тараған себебін жоққа шығарады. Ол баға өсі-

міне әсер ететін рынок заңының рөлін көрсете отырып, осының бәрі Алла тарапынан болатын объективті іс-әрекет екендігіне тоқталады.

Ибн Таймийа сұраныс пен ұсыныс заңдарына тәуелді еңбек күшін де тауар ретінде қарастырады. Бұл жерде ол «эквивалентті еңбекақы» ұғымын қолданады. Бұл ұғымның астарында да әділетті баға секілді түсінік жатқанын аңғару қиын емес. Мысалы, белгілі бір қызмет түрін қажет ететін адам, оны жұмысшы мамандар тарапынан уақытында ала алмаған жағдайда, мемлекет бұл қызмет түріне эквивалентті жалақы белгілейді. Нәтижесінде, жұмысшы қызметі үшін белгіленген мөлшерден артық төлем талап ете алмайды, ал мемлекет жұмысшының еңбек сыйақысын төмендетпейді.

Ибн Таймийа Құран хадистеріне сүйене отырып, «эквивалентті баға», «эквивалентті еңбекақы» түсініктеріне ұқсас «эквивалентті пайда» ұғымын да қарастырады. Мұндағы ғалымның негізгі тұжырымдамасы Құран хадисінде келтірілген тыйымдарға, яғни шектен тыс баю, өсімқорлық мәселелеріне қатысты. Құранда сатушының баюына, яғни сатып алушының шектеулі ресурстары, қажеттілігі, тәуелділігі есебінен баюына тыйым салынған. Мысалы, қажылыққа баратын адамға арнайы киім (ихрам) қажет, онсыз ол қажылық міндетін өтей алмайды, міне сатушының осы тәуелді қажеттілікті пайдаланып, тауарын артық бағамен сатуына тыйым салынған.

Ибн Таймийаның тұрақты баға жөнінде де пікірі ерекше. Мысалы, тұрақты бағаның, ол, сатушылардың өмірлік маңызы бар тауарлар бағасына қатысты әділетсіздікке жол берген жағдайда ғана қажетті шара екендігін тұжырымдайды. Бұл көзқарас бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ деуге болады. Оның пікірінше, тұрақты бағаның да екі тәсілі бар, біріншісі әділетті немесе нақты (заңды), екіншісі, әділетсіз немесе заңсыз. Алайда, үкімет тұрақты баға туралы саясатты жүзеге асырмас бұрын, бұл мәселені рынок қатынасшыларымен бірге олардың мүддесін ескеру арқылы жан-жақты талқыға салу қажеттігін алға тартады.

Ибн Таймийа монополияны да қатты сынға алады. Алайда басқа мұсылман экономистері секілді ол, монополистерден тауар сатып алуға тыйым салмайды. Оның ойынша, мұндай тыйым – тауар тапшылығына әкелуі мүмкін. Алайда, сатып алушының тауары тым қымбат бағаға сатып алынса, келісім-шартты бұзуға құқылы.

Ақшаның қызметін қарастыра отырып, ол ақшаның күн өлшемі және айырбас құралы секілді екі қызметіне ерекше мән береді. Ақша құнының (сатып алушылық мүмкіндігі) төмендеуіне байланысты мәселелерді егжей-тегжей қарастырған. Оның дәуірінде мұсылман құқықтанушылары сауданы ақшамен атайтын болған. Мамлюк сұлтандары ақша жасауға мемлекеттегі бар мысты кеңінен пайдаланып қана қоймай оны өзге елдерден импорттап отырған.

Ибн Таймийа ақша айналысын зерттей отырып, қамтамасыз етілмеген ақшаларды соғудың қандай нәтижеге әкелетіндігі туралы мынадай қорытындыға келеді:

- адамдар ақшаға деген сенімділігін жоғалтады, бұл өз кезегінде инфляцияны туындатады;
- ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасалмайды;
- тұрақты еңбекақы алатын жұмысшылар табыстарының бір бөлігін жоғалтады;
- ішкі және сыртқы сауданың тұрақтылығы бұзылады, т.б.

Қорытындысында, ғалымның бұл айтқан пікірлері бірнеше жүз жылдан кейін Грәшем заңынан көрініс табады, яғни Грәшем заңының негізін қалады деуге болады. Грәшем заңының танымал тұжырымдамасы «нашар ақшалар жақсы ақшаларды айналыстан ығыстырып шығарады» деп айтылады, бұл биметаллизм тұсындағы доллар құнының күміс пен алтынға қатысты эквивалентті құндарының алмасып өзгеріп отыруына сәйкес бірін-бірі айналыстан ығыстырып шығаруына байланысты қалыптасқан заң болатын. Демек, Грәшем заңының маңызды бөлігі жайлы алғашқы ойды Ибн Таймийа қалыптастырды десек қателеспейміз.

Ортағасырдағы мұсылман экономистерінің қатарында ерекше орынды әлемдегі бірінші социолог, энциклопедист-ғалым *Абд ар-Рахман Ибн Мухаммад Ибн Хальдун ал-Хадрами (1332-1406)* иеленеді. Ибн Хальдунның есімін әлемге танымал қылған оның атақты еңбегі «Мукаддима» (Кіріспе) деп аталады. Мұнда ол өз дәуірінде өмір сүрген бедуин тайпасының көшпелі және отырықшы өмірінің әлеуметтік-экономикалық сипатын ашады.

Ибн Хальдун қайтыс болған соң оның бұл еңбегі ұмыт болды, тек бес ғасырдай уақыт өткен соң барып зерттеушілер оған назар аударған. Осы жылдар ішінде оның есімі де көлеңкеде ұмыт қалды.

Ибн Хальдун қазіргі экономикалық теорияның негізін қалаған ұлы ойшылдардың бірі екені даусыз. Оның бұл саладағы сіңірген еңбегі,

бірқатар ғалымдардың пікірінше, (батыс экономистері де бар) А. Смиттің еңбегінен кем емес, сондықтан да оны «экономиканың атасы» деп атауға әбден лайық.

Бұл жайында белгілі американдық экономист-социолог Й. Шумпетер: «Ибн Хальдун А. Смитпен салыстырғанда ерекшеленеді» деген пікір ұстанады. Әрине, бұл жерде Й. Шумпетер И. Хальдуннің оған дейінгі өмір сүрген оқымыстылардың идеяларын негізге алғандығын, әсіресе, еңбек бөлінісі туралы Платонның, ақшаның табиғаты мен мәні туралы Аристотельдің, ал үкіметті басқару туралы Тахир ибн аль-Хұсайын идеяларын өңдеудегі ерекше қабілетін айтып отыр [5].

Бұдан басқа Ибн Хальдуннің ғылыми концепцияларының маңыздылығы сонша, өз заманында ол «ұлы араб ойшылы», «араб Монтескьесі», «арабтың Марксі», «экономика ғылымның пионері», «социологияның толық негізін қалаушы» секілді бірнеше атақ-дәрежеге ие болған тұлға [6].

Питирим Сорокин оны адамзат тарихындағы атақты бес социологтардың біріне теңеуі (Платон, Аристотель, Ибн Хальдун, Вико, Конт) тегін емес.

Ибн Хальдуннің экономика, ақша-қаржы мәселелерге қатысты бірталай құнды тұжырымдамалары мен ойлары бар, көптеген маңызды нәрселерді ол ойша көзқарас түрінде жеткізген. Мысалы, Ибн Хальдун ақшаның атқаратын қызметтеріне де елеулі түрде назар аударған. Ғалым ақшаның пайда болуын, сауда айырбасының қарқынымен, жанданумен, сауда байланыстарының кеңеюімен байланыстырады. Ақшаның табиғаты мен пайда болу себептерін қарастыру барысында, Ибн Хальдун, алтын мен күмістің бағасына рынок ауытқуларының ықпал жасай алмайтындығын анықтайды, сондықтан, алтын мен күмістің ақша рөлін атқарудағы басты себебі осы деп есептейді. Ал олардың жоғары құндылығын метал ретіндегі сиректігімен, өндіру мен өңдеуге жұмсалатын еңбек шығындарының жоғарылығымен түсіндіреді. Алтын мен күмістің айналыс құралы қызметіне тоқтала отырып, ол айналыстағы ақша санының

тек қоғамның даму деңгейінен ғана емес, басқа елдерге шығарылатын тауар экспортының мүмкіндігіне байланысты екендігін айтады.

Қорытынды

Ибн Хальдуннің пікірінше, елдің экономикалық дамуын қолда бар алтын, күміс қорлары мен табиғи ресурстар ғана айқындамайды. Елдің дамуын рынок көлемі мен өндіріс құралдарына байланысты экономикалық қызметтер мен еңбек өнімділігі анықтайды. Өндіріс құралдары адам қажеттіліктерін қанағаттандырудан соң қалған қосымша, артық ресурстар есебінен жасалады. Ал рыноктың ұлғаюы тауарлар мен қызметтерге сұранысты арттырады, ол өз кезегінде өндірістің ұлғаюына, ғылым мен білімнің дамуына, адамдардың табысының артуына ықпал жасайды, даму үдерісін жылдамдатады.

Салық мәселесі де өзге мұсылман экономистері секілді Ибн Хальдуннің аса назарында болғаны сонша, ол «салықтар мен жиындар мемлекеттің материясын құрайды» дейді. Тұрғындардан шамадан тыс мөлшерде алым алу (оның үстіне күш көрсетілсе) адамдарды еңбек нәтижесінен айырады, үкіметтегі ілгерілеуді тежейді, ал салық төмен болса, адамдардың еңбекке және өндіріске деген ынта-мүддесі артатындығын айтады.

Қорытындылай келе айтарымыз, жоғарыда келтіріп отырған ислам ойшылдарының салық жүйесіне, мемлекеттік реттеу мен ақша, баға, экономикалық өсу мен даму, тіпті, керек десеңіз кәсіпкерлік туралы айтылған нақты пікірлері мен ой-көзқарастары бүгінгі күнге шейін өзектілігін жойған емес. Біз бұл жерде қазіргі дамыған батыс елдерінің экономикалық негізін қалыптастырған ғалымдардың пікірлеріне нұқсан келтіруден, оларды жарысқа түсіру пиғылынан аулақпыз. Алайда, мәселенің аққарасын ашар мезгіл жеткен секілді. Өркениет бесігі – шығыс елі десек, сол өңірден шыққан ойшылдардың, бүгінде ұмыт қалған ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын саналы ұрпақтың білімін жетілдіру мақсатында пайдаланар уақыт жетті деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Настольная книга по Исламским финансам. – Астана: ИД «Сарыарка», 2010.
- 2 Монзер Кахф и Тарикулла Хан. Принципы исламского финансирования. Научный отдел. Научная работа №16.
- 3 Мохаммад Неджатулла Сиддики. Рибa, банковский процент и логическое объяснение их запрета. Дждда – Саудовская Аравия 1425 X (2004).
- 4 Христианство и ислам об экономике / под редакцией М.А. Румянцева, Д.Е. Раскова. – Спб.: Издательство НПК «РОСТ», 2008.
- 5 Беккин Р.И. Экономические взгляды Ибн-Хальдуна.
- 6 Алиев У.Ж. Значение трудов Ибн-Хальдуна в становлении экономической науки.

References

- 1 Nastol'naja kniga po Islamskim finansam. – Astana: ID «Saryarka», 2010.
- 2 Monzer Kahf i Tarikulla Han. Principy islamskogo finansirovaniya. Nauchnyj otдел. Nauchnaja rabota №16.
- 3 Mohammad Nedzhatulla Siddiki. Riba, bankovskij procent i logicheskoe ob#jasnenie ih zapreta. Dzhidda – Saudovskaja Aravija 1425 H (2004).
- 4 Hristianstvo i islam ob jekonomike / pod redakciej M.A. Rumjanceva, D.E. Raskova. – Spb.: Izdatel'stvo NPK «ROST», 2008.
- 5 Bekkin R.I. Jekonomicheskie vzgljady Ibn-Hal'duna.
- 6 Aliev U.Zh. Znachenie trudov Ibn-Hal'duna v stanovlenii jekonomicheskoj nauki.